

Мемлекеттік мүлікті республикалық меншіктен Алматы қаласының коммуналдық меншігіне берудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 маусымдағы № 639 қаулысы

«Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Алматы қаласы әкімінің «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі» мемлекеттік мекемесінің балансындағы «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымын салу» жобалау-сметалық құжаттамасын республикалық меншіктен Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігімен және Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мүлікті қабылдау-тапсыру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2 0

м а у с ы м д а ғ ы

№ 6 3 9

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Республикалық меншіктен Алматы қаласының коммуналдық меншігіне берілетін мемлекеттік мүліктің тізбесі

Р/с №	Мүліктің атауы	Көлемі	Баланстық құны
1	2	3	4
1.	«Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымын салу» жобалау-сметалық құжаттамасы	4103 бет	250 000 000 (екі жүз елу миллион) теңге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК